

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұжымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 121 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1534. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.2016 № 5 қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесі бекітілсін, ол және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 сәуірдегі
N 121 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Мәтіні бойынша "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) қаржылық және баланстарда көрсетілмеген басқа да міндеттемелері туралы мәліметтерді уақтылы алу мен баға беру мақсатында әзірленген, уәкілетті органның тиісті тізілімдерін жүргізу және сақтандыру ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды (бұдан әрі - бірлескен қызмет туралы шарт) тіркеу тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттары мен басқа да міндеттемелерін (бұдан әрі - қосымша міндеттемелер туралы шарт) және бірлескен қызмет туралы шарттарды жасау, орындау және тоқтату негіздемелері мен талаптары заңнамамен реттеледі.

3. Уәкілетті орган:

- 1) сақтандыру ұйымдарының меншікті мүлкінің кепіл шарттарының тізілімін;
- 2) сақтандыру ұйымдарының баланста көрсетілмеген кепілдік (кепілдеме) шарттарының және өзге де міндеттемелерінің тізілімін;
- 3) сақтандыру ұйымдарының бірлескен қызметі туралы шарттардың тізілімін жүргізеді. < * >

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен .

4. Қосымша міндеттемелер туралы шарттарды (бірлескен қызмет туралы шарттарды), оның ішінде уәкілетті органға тіркеу үшін құжаттарды уақтылы ұсынбауынан енгізбеу (тіркеу туралы деректердің болмауы) осы мәмілелерді жарамсыз деп тануға негіздеме болып табылмайды.

5. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымының тізілімге енгізілетін немесе осы Ереженің талаптарына сәйкес тіркелген шарттарды орындауына жауап бермейді.

6 . < * >
7 . < * >
8 . < * >

Ескерту. 6,7,8-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен .

2. Тізілімге енгізу тәртібі

9. Сақтандыру ұйымы қосымша міндеттемелер туралы шартты жасағаннан кейін бес күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органды мәміленің жасалғандығы туралы хабардар етеді және тиісті шарттардың көшірмелерін тізілімге енгізу үшін ұсынады .

Сақтандыру ұйымы бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу үшін ол жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарландыруды , шарттың түпнұсқасы мен көшірмесін ұсынады.

Уәкілетті органның стратегия және талдау бөлімшесі басшысының (басшы орынбасарының) қолы қойылған бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу жөніндегі уәкілетті органның белгісі шарт түпнұсқасының соңғы бетіне қойылады әрі ол осы Ереженің Қосымшасына сәйкес ресімделіп, сақтандыру

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004.05.24 N 147, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.10.29 N 162 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

1 0 . < * >

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 162 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1 1 . < * >

1 2 . < * >

1 3 . < * >

Ескерту. 11, 12, 13-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004.05.24 N 147 қаулысымен.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосымша міндеттемелер немесе бірлескен қызмет туралы шарттар жөніндегі ақпарат уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тізілімге енгізіледі. <*>

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004.05.24 N 147, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.10.29 N 162 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

15. Сақтандыру ұйымдарының меншікті мүлкі кепіл шарттарының тізіліміне мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) кепіл беруші болып табылатын сақтандыру ұйымының атауы;
- 2) кепіл шартының күшіне енгізілген күні;
- 3) кепіл шартының нөмірі;
- 4) кепілдің мәні;
- 5) борышкердің және борышкерге қызмет көрсететін банктің атауы (егер үшінші тұлғаның міндеттемелері кепілмен қамтамасыз етілсе);
- 6) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мөлшері;
- 7) кепіл шартының қолданылу мерзімі;

- 8) кепіл ұстаушының атауы;
- 9) шарттың тізілімге енгізілген күні;
- 10) кепіл шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы белгі.

16. Сақтандыру ұйымының баланста көрсетілмеген кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізіліміне мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) сақтандыру ұйымының атауы;
- 2) кепілдік (кепілдеме) немесе басқа да міндеттеме берілген және оның күшіне енгізілген күні;
- 3) шарттың (немесе қабылданған міндеттемелер туралы құжаттың) нөмірі;
- 4) борышкердің және борышкерге қызмет көрсететін банктің атауы (егер үшінші тұлғаның міндеттемелері қамтамасыз етілсе);
- 5) кепілдіктің (кепілдеменің) немесе сақтандыру ұйымындағы басқа да міндеттемелердің мөлшері;
- 6) шарттың қолданылу мерзімі;
- 7) кредитордың атауы;
- 8) шарттың тізілімге енгізілген күні;
- 9) шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы белгі.

1 7 . < * >

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен .

18. Шарттарға өзгерістер мен толықтыруларды тізілімге енгізу негізгі шарт үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Шарттарды тіркеу тәртібі

1 9 . < * >

Ескерту. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен .

20. Сақтандыру ұйымының бірлескен қызметі туралы шарттарды тіркеу тізіліміне мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) сақтандыру ұйымының атауы;
- 2) шарттың тараптары;
- 3) шарттың күшіне енгізілген күні;
- 4) шарттың нөмірі;
- 5) сақтандыру ұйымының шарт бойынша міндеттемелерінің мөлшері;

- 6) шарттың қолданылу мерзімі;
 7) уәкілетті органның тіркеу күні;
 8) шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы белгі.

4. Қорытынды ережелер

2 1 . < * >

Ескерту. 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысымен .

22. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
 баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің
 кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының
 және басқа міндеттемелерінің тізілімін
 жүргізу және сақтандыру (қайта
 сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен
 қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесіне
 N 1 қосымша

Уәкілетті мемлекеттік орган "___"_____200__ж. N_____ шартын

(ш а р т т ы ң а т а у ы)
 "___"_____200__ж. N_____тізілімге енгізді (тіркеді)

(қажеттінің астын сызып қойыңыз)

Уәкілетті мемлекеттік органның
 аумақтық филиалының басшысы
 (о н ы ң о р ы н б а с а р ы)

(А т ы - ж ө н і)

(қ о л ы)

"___"_____200__ж.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
 баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің
 кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының

және басқа міндеттемелерінің тізілімін
жүргізу және сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен
қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесіне
N 2 қосымша

_____ 200_ жылы

**Тізілімге енгізілген, сақтандыру ұйымының орналасқан жері бойынша уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық филиалы тіркеген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттар жөніндегі
ЕСЕП-ВЕДОМОСИ**

N Сақтандыру Уәкілетті Баланста көрсетіл. Баланста көрсетіл. Заемшы.
р/с (қайта мемлекет. меген меншікті меген меншікті ның
сақтандыру) тік орган. мүліктің кепіл, мүліктің кепіл, атауы
ұйымының ның шартты кепілдік (кепіл. кепілдік (кепіл. (шарт
атауы тізілімге деме) шарттары. деме) шарттарының тарап.
енгізу ның және басқа және басқа міндет. тары)
(тіркеу) міндеттемелердің темелердің және
күні мен бірлескен қызмет бірлескен қызмет
номері туралы шарттардың туралы шарттардың
жасалған (берілген) қолданылу мерзімі.
күні мен номері нің аяқталуы

Жиынтығы:

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Заемшы	Креди.	Кепілдік.	Кепілдік.	Кепілдік	Шартқа	Пайдаланған
Банкінің	тордың	тің және	тің және	беру (және өзге.	кепілдіктің	
атауы	атауы	басқа	басқа	басқа	рістер	(және басқа
(шарт		міндетте.	міндетте.	міндетте.	енгізу	міндеттеме.
тарап.		мелердің	мелердің	мелердің)	жөніндегі	лердің)

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Қ.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға